

**Ыбырай Алтынсарин атындағы  
қазақ орта мектеп кітапханасының 2022/ 2023 оқу жылының  
мәтінді есебі**

Мектеп кітапханасының жұмысын ұйымдастырудың негізгі бағыттары: кітапхана қорын қалыптастыру және орналастыру, пайдаланушыларға кітапханалық, анықтамалық – библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсету. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 19 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымның кітапхана қорының түзілу туралы» № 44 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

**I. Кітапхананың мақсаты мен міндеттері**

**Мақсаты:** Білім беру үрдісінде оқушыларға ақпараттық, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру жолымен білім сапасын арттыру, оқу процесін жоспарлы түрде ғылыми – әдістемелік, оқу және қосымша әдебиеттермен уақытылы жабдықтау және өз дәрежесінде оқырмандарға қызмет көрсету барысын жетілдіру

**Міндеттері:**

1. Білім саласындағы мемлекеттік саясатты кітапханалық – ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асыру, кітапханалық-ақпараттық ресурстарды пайдалануға жағдай жасау;
2. Оқырмандардың азаматтық көзқарастарын тәрбиелеу, оқыған кітаптарын арқылы дүниетанымын кеңейтіп, көркем шығарманың кереметтігін сезініп, шығармашылық қабілеттерін арттыру;
3. Оқырмандардың кітапқа деген құмарлықтарын қалыптастырудағы мүмкіндіктерін кеңейтіп, зияткерлік, шығармашылық жұмысқа тарту, ой өрісін дамыту, рухани тәлім беру арқылы кітапты насихаттау.

**II. Кітапхананың негізгі қызметі**


- **Білім берушілік**- дамыту бағдарламасы және мектеп концепциясында қалыптасқан білім беру міндеттерін қолдау және қамтамасыз ету.
- **Ақпараттық** - білім беру жүйесіне қатысушылардың барлығына, түрі мен негізінде қарамастан ақпаратты қолдануға мүмкіндік беру.
- **Мәдениетті** – оқушылардың әсерлі дамуларына әсер етуші мәдени – әлеуметтік танымдылықты тәрбиелеудегі іс – шараларды ұйымдастыру.

**III. Жалпы мәлімет**


Кітапхана мектеп ғимаратының 2 -ші қабатында орналасқан. Кітапхана көлемі-108 ш.м. құрайды. Кітапхананың кітап қоры – 32743 дананы құрайды, оның ішінде 23514 дана оқулықтар, негізгі қор – 9229 тұрады.

**IV. Мектеп кітапханасының негізгі көрсеткіштер**

*2022/23 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп кітапханасының қоры, оқырмандардың кітапханаға жазылуы, келуі, кітап оқуының сандық көрсеткіштері*



### **Кітапхананың дамуының сапалық көрсеткіштері**



#### **Ү. Кітапхана қоры қалыптастырудағы қызмет**

##### **1. Оқулықтармен жүргізілетін жұмыстар**

Мектеп кітапханасы оқулықтарды пайдалануда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрық білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптарға қолдануға рұқсат еткен оқу басылымдарының тізбесіне сәйкес оқулықтар әдістемелік кешендерімен оқу қамтамасыз етілді, оқулық қоры 4409 дана жаңа буын оқулықтарымен толықтырылды. Оқулықпен қамтамасыз ету мақсатында биыл мектеп кітапханасына қалалық білім бөлімінен 2 сыныптарға арналған оқулықтар түсті және жетпеген оқулықтар түсті. 2022/23 оқу жылында оқушылар 100% пайыз оқулықтармен қамтамасыз етілді. Оқулықтарын оқушыларға қайтарымды негізінде тегін пайдалануға және оқулықтар оқу мерзіміне берілді.

Биылғы оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасы №44 2016 жылғы 19 қаңтар бұйрығына сәйкес 5836 дана оқулық есептен шығарылды оның себептері: қорландыру циклды, уақытша сақталу қорынан мерзімі бір жылдық оқу құралдары.

##### **2. Негізгі қормен жүргізілетін жұмыстар**

Кітапхана жұмысында ақпараттық технологияны пайдалану, қолдану барлық кітапханалық процеске жаңаша қарауға, кітапханалық ақпараттық жұмысты өзгертуге, жетілдіруге, шындай түсуге мүмкіндік беруге кітапханада жағдайлар жасалған. Кітап қоры 666 дана электронды оқулықтары бар. Мұғалімдер қорда бар электронды оқулықтарды сабаққа пайдаланады, ал оқушыларға пайдалануға кітапханада барлық жағдайлар жасалған.

#### **ҮІ. Кітапхананың ақпараттық-библиографиялық және анықтама жұмысы**

Мектеп кітапханалары ұстаздарға қызмет көрсете отырып, сонымен қатар, сыныпқа арналған және сыныптан тыс қызмет көрсететін көпшілік кітапхана болып табылады. Бүгінгі таңда мектеп кітапханасы өз заманының даму деңгейінде болып мектептің өркендеуімен қалыптасуы, оның оқырмандарға тәрбие беру мен оқытуда үлкен көмек береді.

Оқырмандарды жас ерекшелігіне қарай топтастырып, белгілі бір кітаптарды оқуға ұсыныс – тізбелер, әңгіме, сауалнама жүргізу арқылы оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын анықтаймыз. Жалпы кітап – насихаттаудың түрлері мен формалары өте көп. Біз кітап оқуға жетекшілік жасап, көпшілік жұмыстардың тиімді формаларын көрсете отырып насихаттаймыз. Осы мақсатта әр оқу жылы қазақ ақын - жазушыларының шығармашылығын насихаттау барысында әдеби кештер, оқырман конференциялары, кітап көрмелері, библиографиялық шолу, дауыстап оқу, ауызша әңгіме айту тағы да басқа жұмыс түрлері жүргізіледі.

Кітап арқылы оқушылардың жан - жақты білім алып ғылыми және саяси санасының қалыптасуына, білім дәрежесінің дамуына әсер ету, оқушыларға кітап таңдап алуға және онымен жұмыс жасай білуге көмектесеміз.

Мектеп кітапханасындағы оқу залында білімнің барлық саласы бойынша ана тілінде, орыс, ағылшын тілдерінде кітап қоры жинақталған, білім алуға қажетті, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиет қоры бар.

Оқу залында әдебиеттердің барлық саласы анықтамалықтар, энциклопедиялар, оқырманның сұранысына жауап беретін әдебиеттер бар.

#### **Оқу залының міндеттері:**

- оқу үрдісіне көмек көрсету.
- оқу залының қосалқы қорын қалыптастыру.
- оқырманға қызмет көрсету мәдениетін жетілдіру.

#### **Оқу залының көрсететін қызметтері:**

- кітап басылымдарымен жедел және сапалы қызмет көрсету.
- қажетті тақырыпта ақпаратты іздестіру және жедел тауып беру.
- ақпарат көздерін іздеу мен таңдауда кеңестік көмек беру.
- Оқу залы қорын пайдаланып анықтамалар орындау.

Оқырмандардың талап тілектерін қанағаттандырып, оқу мәдениетіне тәрбиелеу, кітапхана оқырманның жеке басының дамуына, білімге деген қызығушылығын арттыру мақсатында оқырмандарға ақпараттық қызмет көрсетіліп, олардың анықтамалық – библиографиялық сұраныстары орындалады. Анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету – оқырмандарға олардың талап-тілектері бойынша библиографиялық қызмет көрсету. Анықтамалық-библиографиялық қызмет көбінесе «сауал-жауап» режимінде орындалды.

### ***Ақпарат мәдениетін тәрбиелеу***

#### ***/кітапханалық – библиографиялық сабақтар***

Оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, кітапқа деген қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу мақсатында «Кітапқа қонаққа бару», «Кітапханаға алғашқы қадам», «Кітап құрылымы», «Кітаптар әлеміне және білім әлеміне саяхат» атты кітапханалық сабақтар, ойын-саяхат, экскурсия өткізілді.

Оқырмандарды кітапханаға тарту, кітапқа деген сүйіспеншіліктерін артыру мақсатында 1 - 2 сыныптармен «Кітапханаға алғашқы қадам» атты кітапханаға саяхат және 0 сыныптармен «Кітаптар қаласына саяхат» ойын-саяхат өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар кітапханада саяхат жасап, жұмбақтар шешу арқылы кітапхандығында кітаптар мекен ететін білді. Кітапхана өмірімен, ережесімен танысты. Ойын-саяхатқа оқушылар мен сынып жетекшілері қатысып жаңа оқырмандар кітапханаға жазылды.

### ***Педагогтарға, оқушыларға анықтамалық-библиографиялық және ақпарат қызметін көрсету***

Оқырмандардың өмірге деген көзқарастарын дұрыс және қазіргі уақытта әлемде, елімізде, жергілікті жерде болып жатқан саяси, қоғамдық, мәдени іс-шаралардан хабарлары болу үшін кітапхана жұмысында мерзімдік басылымдарды көп қолданып және оқырмандарға осы басылымдарды оқуға насихаттау жұмыстары жүргізіледі. Осы мақсатпен баспасөздерге жазылу науқаны басталған кезде «Қадірлі балалар, ата-аналар, ұстаздар!», «Балаларға арналған қазақ тіліндегі газет – журналдар» ата-аналар мен балалар үшін ақпараттық парақшалар шығарылады.

## **ҮІІ. Көпшілік жұмыстар**

### ***1. Кітап көрмелері***

Кітап көрмесі кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетудің бір түрі болып табылады. Кітап көрмесі белгілі бір мақсатта арнайы іріктеліп, жүйеленіп ұйымдастырылады. Кітап көрмесі біріншіден, белгілі бір мәселеге назар аударылады, екіншіден, қор ашылады, үшіншіден баспа өнімі көрсетіледі және ұсынылады. Кітапханада кітап көрмесі жауапкершілігі мол шығармашылық жұмыс болып табылады, кітап көрмесінің мақсаты оқырманды кітап оқуға шақыру, зияткерлік және шығармашылық жұмысқа тарту. Осы мақсатпен «Сырбайдың сыршыл әлемі», «Қазақстан – бірлік пен достықтың мекені», «Ән әлемінің саңлағы Роза Бағланова», «Ұлт мақтанашы» (Ғ. Мұстафин-120ж.), «Жастарға арналған өсиеті» (Ә. Нұршаихов – 100ж.), «Айбыны асқақ, тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан», «Өз құқығынды біліп, өзінді қорға», «Заман және тұлға» (З. Шашкин – 110ж.), «Ауған: жауынгер жаңғырығы», «Наурыз – жыл басы», «Туған әдебиет жанашыры» (М. Ж. Көпейұлы-165ж.) атты кітап көрмесі ұйымдастырылды, кітап көрмесіне 5 «ә», 6 «в», 7 «в», 8 «а», 9 «в» сынып оқушыларына библиографиялық шолу жасалды.

Жас ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту мақсатында «Салауатты өмір салты» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

ҰБТ-ге арналған «Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындық» атты жылдық тұрақты тақырыпты сөре ұйымдастырылып, пән мұғалімдері мен оқушыларға әдістемелік құралдар, тест жинақшылары, пәндер бойынша анықтамалар бар.

## **2. «Бір ел - бір кітап» республикалық акция**

Елімізде республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы ҚР. Ұлттық академиялық кітапханасында 2007 жылдан бастап өткізіліп келеді. Республикалық деңгейдегі дәстүрлі акция биыл оқырмандар арасында он алтыншы мәрте ұйымдастырылуда.

Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызады.

2023 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында Төлен Әбдіқовтің шығармалары оқуғы ұсынылды.

Мектеп кітапханасында «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы арнайы кітап көрмесі «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясына жасалды. Акция аясында оқушыларды кітап көрмесімен таныстырып және ақпараттық сағат өткізілді.

## **3. «Оқуға құштар мектеп» республикалық жоба**

«Оқуға құштар мектеп» жобасы оқушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған.

Жобаның негізгі мақсаты: Балалар мен жастардың мәдени және оқырман құзыреттілігін дамыту.

Жоспар бойынша мектеп кітапханасы оқырмандарды кітапханаға тарту, кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Кітаптар қаласына саяхат» даярлық сыныптармен ойын-саяхаты, 1-2 сынып оқушыларымен «Кітапханаға қонаққа бару», «Кітапханаға алғашқы қадам» кітапханаға саяхат өткізілді. Оқушыларға кітапхана, балалар әдебиет, кітап қоры туралы мәлеметтермен танысты. Және оқушылармен «Ертегілер әлемі» атты ойыны өткізілді.

Жоспар бойынша «Менің үйімдегі ата-аналардың кітаптары» оқушылар үйімдегі ата-аналардың кітаптар туралы презентация, видеоролик, фотоколлаж жасалды. Бұл іс-шараға 5, 6, 7- сынып оқушылары қатысты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір отбасы - бір кітап»

Бастауыш сынып оқушылары "Әжемнің ертегілері" туралы бейнеролик жасады, бұл бейнероликтерде оқушылар қалай әжелерімен бірге ертегілер оқығанын және әжелері ертегі айтып бергенін насихаттады, және 2-6 сынып оқушылар арасында «Бір отбасы – бір кітап» акциясы өткізілді. «Әкемнің сүйікті кітабы» оқушылар үйіндегі әкелерін сүйікті кітаптарын туралы презентация, видеоролик, фотоколлаж жасалды. Бұл іс-шараға 4-8 сынып оқушылары қатысты. «Қысқы демалыста кітап оқимыз» атты акциясына, «Республикам менің» атты челленджіне 1-9 сынып оқушылары белсенді қатысты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханааралық бірлескен жұмыс негізінде аталмыш Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебінің мектеп кітапханаларының 7 сынып оқырмандар командалары арасында «Өлкем менің, мақтанамын өзіңмен!» атты интеллектуалдық ойыны өтті. Ойын Павлодар облысының 85 жылдығына арналды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханааралық бірлескен жұмыс негізінде Қ.Сәтбаев атындағы гимназия мектеп кітапханасының меңгерушісі Женаева Г.И. ұйымдастырумен квест-ойыны үш тілде америкалық жазушы М.Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендері» өтті. 5 «А, Б» сынып оқушылары қатысты бұл квест-ойынға. Және Қ.Сәтбаев атындағы гимназия мектеп кітапханасының меңгерушісі Женаева Г.И. ұйымдастырумен «Ертегілер әлемі» квест-ойына 4 «А» сынып оқушылары қатысты.

Қалалық орталық кітапханада қазақ халық композиторы, ақын, әнші Иманжүсіп Құтпанұлының 160 жылдық мерейтойына арналған «Елеміздің халық ақыны» атты қалалық мәнерлепоку сайысына 8 «Б» Болатова А., Дюсембаева Ш., 8»В» Қанатова А. қатысты.

«Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» атты қалалық семинар өтті, бұл семинарда «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 4 «Г» сынып оқушылары «Шалқан» ертегісін сахналады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Өзім оқимын, саған ұсынамын» атты акциясы ұйымдастырылды. Бұл акцияға 3 «А, Ә, Б, В, Г», 4 «Ғ», 5 «В» сынып қатысты.

## **4. Патриоттық тәрбие**

Патриотты оқушылар тәрбиелеу, көркем әдебиетке, ата – баба тарихына, ел үшін аянбай еңбек еткен Қазақ батырларының тарихи тұлғасын тереңірек тану, оның өнеге ерлігін бүгінгі ұрпаққа үлгі ету мақсатында 25 қазан –Тәуелсіздік күніне орай «Қазақстан - бірлік пен достықтың мекені» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды, 3 «б», 8 «б» сынып оқушыларына кітап көрмесіне библиографиялық шолу

өткізілді. ҚР оқу ағарту министрлігі және Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының 25 қазан – Республика күніне орай «Республикам менің» атты челленджі 2 «ә», 3 «б», 4 «а», 5 «а», 7 «в», 8 «а», 8 «б», 9 «в» оқушыларымыз белсенді қатысты.

«Айбары асқақ Ата заң», «Ана тілі - менің елімнің тілі», «Қос жұлдызы» (М.Мәметова 100ж), «Ұлы Отан соғысы есімдер мен даталар» кітап көрмесі «Ауған: жауынгер жаңғырығы» кітап-иллюстрациялық көрме ұйымдастырылды, «Әлем таныған Қазақстан» атты мектеп кітапханасында ұйымдастырылған тұрақты кітап көрмесі. «Қаһарман қайсар қыздар» атты патриоттық сағаты 6 «в» сынып оқушыларына өткізілді.

5 «А, Б» сынып оқушыларына «Өз құқығыңды біл, міндетінді орында» атты әңгіме-шолу өткізілді. Оқушыларға бала құқықтары туралы Конвенция, Бала құқығын қорғау туралы тұжырымдама, халыққа құқықтық көмек «Бала құқығы» жадынамасы Бала құқықтары, оларды сақтау, өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік, оларды жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру туралы әңгіме өткізілді. Және оқушыларды өз құқықтарын қорғай білуге. Құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу. Оқушыларға адам құқығы, бала құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгерту туралы айтылды.

Қ.Қайсеновтың 105 жылдығына орай «Ұмытылмас ерлік» атты танымдық сағаты 6 «В» сынып оқушыларымен өтті.

### **5. Өлкетану**

Өзінің туған өлкесі жайлы білімді терең меңгерту және дамыту, жасөспірімдердің бойында белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру және отансүйгіштік сезім тәрбиелеу мақсатында «Туған жерім елдігімнің айғағы» тұрақты кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Наурыз жыл басы» кітап көрмесі жасалды.

5 «В» сынып оқушыларына «Сен білісің бе?» Павлодар облысының киелі жерлерінің туралы библиографиялық шолу және ойын-викторина өткізілді. Кітапханашы Сабит Мариям Павлодар облысының киелі жерлерін туралы айтты. Балалар ежелгі және орта ғасырлық қасиетті жерлер туралы көп деректерді білді. Атап айтқанда, Торайғырдың сақ қорғандары (Баянауыл ауданы), Ақбидайық петроглифтары (Екібастұз ауданы); Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кесенесі (Баянауыл ауданы), Ғабдұл- Уахит Тіленшіұлының кесенесі (Шарбақты ауданы), маңызды тарихи оқиғалар болған және белгілі қайраткерлер жерленген орындар: Түгел батыр ескерткіші (Ертіс ауданы), Сұлтанмахмұт Торайғыровтың кесенесі (Баянауыл ауданы); табиғи-ландшафтық нысандар: Қоңыр Әулие үңгірі (Баянауыл ауданы), «Қазқонақ» археологиялық ескерткіші және т. б.

Оқушылар көркем безендірілген кітаптармен қызығушылықпен танысты: қазақ, орыс, ағылшын тілінде жарық көрген «Сарыарқа маржаны: Ертістің Павлодар өңірі» кітабы, Медеу Сәрсекенің «Қаныш елі» кітабы. Іс-шараның танымдық мәні болды әрі қызықты өтті. атты фото-көрмесі жасалды.

### **6. Мерейгер жазушылар**

Кітапхананың жұмыс жоспарына сәйкес оқырмандардың рухани байлықтарын әдебиет оқу арқылы жеткізу мақсатында еліміздің ақын- жазушыларының шығармаларын насихаттауда түрлі тақырыптарға арналған көпшілік шаралар ұйымдастырылды. Атап айтатын болсақ, шәкірт жүргеніне поэзияны сүйеге, оны бағалай білуге баулу, рухани танымын кеңейту мақсатында мектеп кітапханасында тұрақты көрме «Жылдың мерейтой иелері»: «Әлемге әйгілі – Әуезов» (М.Әуезов 125ж), «Сырбайдың сыршыл әлемі» (С.Мәуленов 100ж, «Ұлт мақтаншы» (Ғ.Мұстафин 120ж), «Жастарға арналған өсиеті» (Ә.Нұршаиықов 100ж), «Заман және тұлға» (Зейін Шашкин 110ж), «Дауылпаз ақын – ел мақтанашы» (Махамбет Өтемісұлы 220ж), «Туған әдебиет жанашыры» (М.Ж.Көпейұлы 165ж) кітап көрмелері ұымдастырылды және библиографиялық шолу мен әңгіме өткізілді.

### **2022/23 оқу жылындағы оқырмандар жетістіктері:**

#### **Қала көлемде**

Қалалық орталық кітапханада қазақ халық композиторы, ақын, әнші Иманжүсіп Құтпанұлының 160 жылдық мерейтойына арналған "Еліміздің халық ақыны " атты қалалық мәнерлеп оқу сайысы өтті. Бұл сайыста біздің мектептің 8 "Б" сынып - Болатова Аяулым, Дюсембаева Шынай, 8 "В" сынып - Канатова Аяжан оқушылары қатысты. Оқушыларымыз алғыс хаттармен марапатталды.

№8 орта мектебінде «КІТАП-SHOW -2023» кітап мерекесі өтті дауыстап оқу «Чемпионат» сайысы өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен "Отбасымен кітап оқу", "Дауыстап оқу " чемпионаты атты сайысы өткізілді. "Дауыстап оқу " чемпионатының 8 «В» сынып оқушысы Болатова Аяулым III - орынға ие болды. Ахмедиева Аружан 4 «А» сынып , Сетерғазықызы Ақмарал 7 «А» сынып оқушылары қатысқандары үшін сертификаттар мен сыйлықтарға ие болды.

"Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында "Отбасымен кітап оқу" байқауында Айгожиндар отбасы қатысты. «Ең көп оқитың отбасы» номинациясы бойынша сертификаттар мен сыйлықтарға ие болды.

### **IX. Кітапханшылардың кәсіби дамуы**

Павлодар қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі «Кітап оқуды насихаттаудың белсенді әдістерін қолдану арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру» атты семинарға қатыстым, қала бойынша өткізілген іс – шараларға қатыстық.

#### ***Проблемалар:***

1. Оқырмандардың сұраныстарына байланысты кітапхана қорын негізгі және қосымша ұсынылатын әдебиеттермен, көркем әдеби кітаптар санының 2022/23 оқу жылында аздығы.
2. Мектеп кітапханасының қорында қазақ балалар әдебиет шығармалары жеткіліксіз.

#### ***Стратегиялық міндеттер:***

1. Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыруға, ақпаратқа қол жеткізуге, соның ішіненде өзіне қажетті білімді іріктеп, таңдап алуға үйретіп ақпараттық мәдениеті қалыптастыру.
2. Педагогтар мен оқушыларды оқуға тартуда тиімді жұмыс формаларын пайдаланып оқушылардың интеллектуалдық дамуына мүмкіндіктер жасау, өздік, шығармашылық, ізденушілік жұмыстарын жүргізуде білім дағдыларын қалыптастыру.

**Мектеп директоры:**

**Егис И.Е.**

Орындаған: Узканова А.К.